

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 16 шілде N 430

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған Қазақ КСР-нің Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1984 ж., N 14 (қосымша); 1984 ж., N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190-191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49; 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар, 1994 ж., N 4, 5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 208-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 13, 194-құжат; N 14, 201-құжат; N 22, 310-құжат):

1) 24-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"24-бап. Негізгі және қосымша әкімшілік жазалар

Осы Кодектің 23-бабы 1-бөлігінің 3), 4) және 7) тармақшаларында белгіленген әкімшілік жазалар қосымша жазалар ретінде қолданылуы мүмкін; осы Кодектің 23-бабы 1-бөлігінің 5) және 8) тармақшалары негізгі де, қосымша да жазалар ретінде қолданылуы мүмкін; басқа жазалар тек негізгілер ретінде қолданылады.

Бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі және бір немесе бірнеше қосымша жаза тағайындалуы мүмкін.

Заттарды қайтарымды алып қою және тәркілеу бір мезгілде қатар қолданылмауы тиіс.";

2) 161-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"161-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімін өткізудің ережелерін бұзу Этил спирті мен алкоголь өнімін өткізудің ережелерін бұзу, -

азаматтарға өнімін тәркілей отырып, оннан жиырма бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларына өнімін тәркілей отырып, жиырма бестен елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 169-1-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"азаматтарға құқық бұзушылық жасау құралдары мен қаражаттарын, сондай-ақ жасалған және (немесе) өткізілген өнімді тәркілей отырып бестен он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан алты айға дейінгі мерзімге уақытша айыруға және шаруашылық жүргізуші субъектілер басшыларына - құқық бұзушылық жасау құралдары мен қаражаттарын, сондай-ақ жасалған және (немесе) өткізілген өнімді тәркілей отырып оннан жиырма бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан алты айға дейінгі мерзімге уақытша айыруға әкеп соғады.";

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"азаматтарға құқық бұзушылық жасау құралдары мен қаражаттарын, сондай-ақ жасалған және (немесе) өткізілген өнімді тәркілей отырып оннан жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан айыруға және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларына - құқық бұзушылық жасау құралдары мен қаражаттарын, сондай-ақ жасалған және (немесе) сатылған өнімді тәркілей отырып жиырма бестен елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан айыруға әкеп соғады.";

4) мынадай мазмұндағы 169-9-баппен толықтырылсын:

"169-9-бап. Акцизделетін тауарларды акциздік алым маркілерімен таңбалаудың тәртібі мен ережелерін бұзу

Акцизделетін тауарларды таңбалаудың тәртібі мен ережелерін бұзу, -

азаматтарға, таңбалау тәртібі мен ережелерін бұза отырып таңбаланған акцизделетін тауарларды тәркілей отырып бестен он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан алты айға дейінгі мерзімге уақытша айыруға және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларына таңбалау тәртібі мен ережелерін бұза отырып таңбаланған акцизделетін тауарларды тәркілей отырып оннан жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан алты айға дейінгі мерзімге уақытша айыруға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылған адамның бір жыл ішінде жасаған дәл сол әрекеті, -

азаматтарға оннан жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан айыруға және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларына - жиырмадан елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан айыруға әкеп соғады.";

5) мынадай мазмұндағы 193-8-баппен толықтырылсын:

"193-8-бап. Белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру

Белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру

, -
азаматтарға белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін өнімді тәркілей отырып, бестен он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан алты айға дейінгі мерзімге уақытша айыруға және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларына - белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін өнімді тәркілей отырып, оннан жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан алты айға дейінгі мерзімге уақытша айыруға әкеп соғады.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жылдың ішінде қайта жасалған дәл сол әрекет, -

азаматтарға белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін өнімді тәркілей отырып бестен жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан айыруға және шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларына - белгіленген стандарттарға сәйкес келмейтін өнімді тәркілей отырып жиырма бестен елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға және лицензиядан айыруға әкеп соғады.";

6) 216-бап "157", "168-5", "169-4", "193-3" деген цифrlардан кейін тиісінше "161", "169-1", "169-9", "193-8" деген цифrlармен толықтырылсын;

7) 237-7-бапта "(баптардан басқа" деген сөздердің алдынан "169-1" деген цифrlармен толықтырылсын;

8) 248-1-баптың 1) тармақшасының бірінші бөлігінің жиырма сегізінші абзацы "165" цифрының алдынан "161" деген цифrmен "173-1" деген цифrdан кейін "193-8" деген цифrmен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат, N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12,

184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; 1998 жылғы 15 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын арнаулы мемлекеттік органдары туралы" және "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті және оның органдары туралы" заң күші бар Жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" 1999 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңы; 1999 жылғы 8 қаңтарда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" заң күші бар Жарлығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

9-бапта:

1-тармақтың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
"32) этил спиртін және алкоголь өнімін өндіру, этил спиртін сақтау және сату, сондай-ақ алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау, көтерме және бөлшек саудада сату;"

2-тармақтағы "және қоршаған ортаны қорғау" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және оның айналымы жөніндегі қызметті лицензиялау" деген сөздермен толықтырылсын.

3. 1997 жылғы 16 шілдедегі K970167_ Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18 225-құжат):

1) 190-бапта:

бірінші бөлік "табыс табумен" деген сөздерден кейін "немесе ірі мөлшерде акцизделетін тауарларды өндірумен, сақтаумен және өткізумен" деген сөздермен толықтырылсын;

ескерту мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Осы Кодекстің 190-бабында құны жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны ірі мөлшердегі тауарлар деп танылады.";

2) 208-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"208-бап. Акцизделетін тауарларды акциздік алым маркасымен таңбалаудың тәртібі мен ережелерін бұзу, акциздік алым маркасын қолдан жасау және пайдалану

1. Айтарлықтай зиян келтіруге экеп соққан акцизделетін тауарларды акциздік алым маркасымен таңбалаудың тәртібі мен ережесін бұзу, -

бес жүзден жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталушының бестен жеті айға дейінгі кезеңі ішіндегі жалақысы немесе өзге де кірісі мөлшерінде айыппұл салуға, не белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейін айыра отырып, не бір жылдан екі

жылға дейінгі түзеу жұмыстарына, не алты айға дейін қамауға алуға, не белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Акциздік алымның көрінеу жалған маркаларын өткізу мақсатында әзірлеу немесе сатып алу, сондай-ақ пайдалану немесе өткізу, -

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталушының бес айдан он айға дейінгі кезеңі ішіндегі жалақысы немесе өзге де кірісі мөлшерінде айыппұл салына отырып үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға және белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызмет түрімен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыруға

немесе онсыз жазаланады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен жүз есе асатын сомада келтірілген залал едәуір залал деп танылады.".

2-бап. Осы Зан жарияланған күннен бастап қүшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.